

«Бастауыш сынып» пәндері бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) филиалдарында «бастауыш сынып мұғалімі» бос қызмет орындарына орналасуға конкурс өткізу барысында «Бастауыш сыныптарда» білім беру мазмұны аясында «Математика», «Қазақ тілі», «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәндері бойынша білім, білік және дағдыларды бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы.
4. 5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

4. Ұсынылатын әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

Пән	№	Бөлім	Модуль 1	Модуль 2	Модуль 3	Барлығы
Қазақ тілі	1	Фонетика	1	-	-	1
	2	Орфография	1	-	-	1
	3	Лексика	1	-	-	1
	4	Морфология	-	1	-	1
	5	Синтаксис	-	1	-	1
	6	Мәтін	-	-	2	2
		Барлығы	3	2	2	7
Пән	№	Бөлім	Модуль 1	Модуль 2	Модуль 3	Барлығы
Математика	1	Сандар мен шамалар	2	-	-	2
	2	Алгебра элементтері	1	1	-	2
	3	Геометрия элементтері	1	1	1	3
	4	Жиындар. Логика элементтері	1	-	-	1
	5	Математикалық модельдеу	-	1	1	2
		Барлығы	5	3	2	10
Пән	№	Бөлім	Модуль 1	Модуль 2	Модуль 3	Барлығы
	1	Тірі табиғат	2		-	2

Дүниетану/ Жаратылыстану	2	Менің елімнің табиғаты	1			1
	3	Заттар мен оның қасиеттері		1		1
	4	Жер және ғарыш		1		1
	5	Тарих толқынында		1		1
	6	Табиғат физикасы			1	1
	7	Мен және қоғам			1	1
	Барлығы		3	3	2	8

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы:

Тест тапсырмалары бастауыш сыныптардың оқу бағдарламаларының білім беру салаларын қамтиды: қазақ тілінен – 7 тапсырма, математикадан – 10 тапсырма, дүниетану/ жаратылыстану – 8 тапсырма.

Тестілеу бес мүмкін нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты болжайтын 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады.

Модуль	Сипаттамасы
1-модуль (базалық деңгей)	Жалпы білім беретін мектептер үшін бастауыш сыныптардың «Қазақ тілі», «Математика», «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына, "бастауыш сыныптар" пәндері бойынша жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін базалық деңгейдегі тапсырмалар.
2-модуль (ілгері деңгей)	Жалпы білім беретін мектептерге арналған бастауыш сыныптардың «Қазақ тілі», «Математика», «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына; бастауыш сыныптардың пәндері бойынша жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін ілгері деңгейдегі тапсырмалар.
3 - модуль (жоғары деңгей)	Жалпы білім беретін мектептерге арналған бастауыш сыныптардың «Қазақ тілі», «Математика», «Дүниетану» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына; бастауыш сыныптардың пәндері бойынша жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырмалар.

Қазақ тілі

Фонетика: дыбыстар мен әріптер

Орфография: күрделі сөздер, олардың жазылуы

Лексика: сөз және оның мағыналары

Морфология: сөз таптары

Синтаксис: Сөйлем мүшелері. Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері.

Мәтін: Мәтін құрылымы, идеясы, жанры. Мәтіндерді интерпретациялау.

Математика

Сандар мен шамалар: Натурал сандар. Жай бөлшектер. Ұзындық, масса, уақыт өлшем бірліктері.

Алгебра элементтері: натурал сандарды / бөлімдері бірдей жай бөлшектерді / аралас сандарды қосу және азайту. Бұрыс бөлшекті аралас санға, аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру. Құрама теңдеулер мен есептерді шешу.

Геометрия элементтері: Геометриялық фигуралардың ауданын, көлемін табуға, біріктірілген фигураның ауданын табуға есептер шығару.

Жиындар: Жиындардың бірігуі және қиылысуы. Бос жиын. Ішкі жиын.

Логика элементтері: Өртүрлі типтегі логикалық есептерді шешу: комбинаторлық, құюға, салмақ өлшеуге, сәйкестікке және т.б.

Математикалық модельдеу: Есептерге сызбалар, кестелер, графикалық модельдер құрастыру.

Жаратылыстану / Дүниетану

Табиғат: Өсімдіктер. Жануарлар

Менің елімнің табиғаты: Еліміздің әртүрлі аймақтарындағы табиғат жағдайлары мен шаруашылық қызметі.

Заттар және олардың қасиеттері: Заттар. Пайдалы қазбалар және олардың түрлері. Пайдалы қазбалардың құндылығы.

Жер және ғарыш: Ел бедері. Ғарыш денелері. Жердің Күнді айналуы.

Тарих толқынында: Қазақ халқының шығу тарихы. Қазақстанның XX ғасырдағы мәдениет, білім және ғылым саласындағы жетістіктері.

Табиғат физикасы: Жарық пен көлеңке. Дыбыс. Жылу өткізгіштік

Мен және қоғам: Көшбасшы. Ұжым. Құқықтар мен міндеттер.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

«Педагогикалық өлшеулер орталығы» тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен апелляция жүргізілмейді.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.